

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрінің 2017 жылғы 5 қыркүйектегі № 335 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 20 қазанды № 15920 болып тіркелді

"Күқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫШ**:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы реттелетін нарық субъектілерінің өндіру (өткізу) көлемдері, табыстылық деңгейі және өндірілетін (өткізілетін) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) босатылу бағалары туралы ай сайынғы ақпаратының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 17 тамыздағы № 532 бұйрығы (Нормативтік қүқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7914 болып тіркелген, 2012 жылғы 3 қазанды "Казахстанская правда" № 336-337 (27155-27156) және "Егемен Қазақстан" № 642-647 (27719) газеттерінде жарияланған);

2) "Телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы реттелетін нарық субъектілерінің өндіру (өткізу) көлемдері, табыстылық деңгейі және өндірілетін (өткізілетін) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) босатылу бағалары туралы ай сайынғы ақпаратының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 17 тамыздағы № 532 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 желтоқсандағы № 1043 бұйрығы (Нормативтік қүқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9119 болып тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті (Ә.Ф. Қожықов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін қағаз және электрондық түрде реسمи жариялау үшін және Қазақстан Республикасы нормативтік қүқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық қүқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

Д. Абаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Т. Сүлейменов

2017 жылғы 11 қазан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК